

ТАЛҒАТТЫҢ ТАРТУУЫ

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ ӨРКЕНДЕП ӨСІП, ДАМУЫНА, ӨНІРДЕ ТУЫП ӨСКЕН АЗАМАТТАРДЫҢ ҚОСҚАН ҮЛЕСІ ОРАСАН ЗОР. СОЛАРДЫҢ БІРІ ТУҒАН ЖЕРІ ҮШІН БІЛЕК СЫБАНЫП ҚЫЗМЕТ АТҚАРЫП ЖҮРГЕН ОЙЫЛДЫҚ ЖЕРЛЕСІМІЗ, АТЫМТАЙ АЗАМАТ, АҚТӨБЕ ОБЛЫСТЫҚ МӘСЛИХАТЫНЫҢ ДЕПУТАТЫ ТАЛҒАТ САЛФИКОВ. ӨНІРДІҢ АЛҒА ЖЫЛЖУЫНА ҚАРЖЫЛАЙ КӨМЕК ҚОЛЫН СОЗЫП ЖҮРГЕН АЗАМАТ, БҰЛ ЖОЛЫ ДА АУДАНДАҒЫ АЗ-ҚАМТЫЛҒАН ОТБАСЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН АЗЫҚ-ТҮЛІК САЛЫНҒАН ЖҮЗ ӘЛЕУМЕТТІК ПАКЕТ ЖОЛДАДЫ.



Жалпы сомасы 2 миллион 200 мың-ды теңгені құрайтын азық-түлік себеттері ауылдық округтер мен Ойыл ауданының тұрғындарына табыс етілді. Әр себеттің ішіндегі азық-түліктің бағасы 22 мың теңгені құрайды. Бұл дегеніміз Ұлыстың ұлы күні

Наурыз мерекесі қарсаңында Талғат Салфиқовтың өз жерлестеріне деген шынайы жанашырлығының көрінісі. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп қазақ халқы тегін айтпаса керек, қазіргі жол қатынасының қиындығына қарамастан ат көлік

аман-есен жетуін, толықтай өзі қамтамасыз еткен азаматтың игі ісіне халық дән риза. Осындай «Жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағында» әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларды азық-түлікпен қамтамасыз етуге демеушілік көрсеткен азаматтың сәлемдемесін, Ойыл аудандық мәслихаты депутаты, аудандық мәслихаттағы «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері мен бастауыш партия ұйымдарының төрағалары аманатты толықтай алдын-ала жасақталған тізім бойынша аса мұқтаж отбасыларға табыс етті. «Біз Талғат Салфиқовтың жерлестеріне жіберген жәрдемің қабылдап, тізім бойынша тиісті отбасыларға берілуін мұқият қарадық. Үлкен жүк көлігімен келген азық-түлікті алдымен ауылдық округ әкімдеріне үлестіріп бердік. Олар ауылдарына барып аз қамтылған отбасыларына таратып береді. Ал, аудан басына бүгін үлгергенімізше таратып беретін боламыз», - деді «Nur Otan» партиясы, Ойыл аудандық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Еркін Жиеналин.

Елім деп езіліп, жұртым деп жұмылып қызмет етіп келе жатқан ел азаматының, елге деген жанашырлығы мен қолдауы тек бұл ғана емес. Ендеше бізде әрдайым игі істің жаршысы болып жүрген жерлесіміздің көсібіне береке тілейміз!

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

«РАҚЫМ» ҚОРЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ

ӨТКЕН ЖЫЛЫ ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША АУДАНЫМЫЗДЫҢ ОСАЛ ТОПТАҒЫ ОТБАСЫЛАРЫНА МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК БЕРУДІ МАҚСАТ ЕТКЕН «РАҚЫМ» ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚОРЫ АШЫЛҒАН БОЛАТЫН.



Оның құрамында атап айтсақ Айдана Табынбаева жетекшілік етіп, Темірболат Шеуєнєв, Мейрамбек Музамелұлы, Аңсаған Ғазез, Ақнұр Көңесова, Ғалымжан Жұбанов секілді белсенді жастар жұмыс жасап келеді. Аудан көлемінде әр қилы қызметте болса да, елге пайдасы тиіп жүрген жастардың қайырымдылық қоры игі істер атқаруда. Бұдан бөлек ерікті

аудан жастары қатарға кеп қордың мүшесі атанып жатыр. Ашылғаннан бері көптеген жұмыс жасап жоқ-жітік, жағдайы төмен отбасыларға көмектесіп тыңшылықты іс бітірген болатын. Елімізге келген індет қарсаңында аудан тұрғындарына ақшалай, заттай жәрдемдесіп демеу болды. Елге еткен еңбек елеусіз қалмайтыны белгілі. Жасаған жақ-



сылықтары үшін, ауданның жастар саясатына қосқан үлесі үшін «Рақым» қайырымдылық қоры Нұрсұлтан Назарбаев қорының директоры Дариға Назарбаева «Қайырымдылық керуені» акциясынан марапат алды. Барша «Рақым» қорының ұжымын марапатымен құттықтай отыра жұмыстарына береке тілейміз. Бұл «Рақым» қайырымдылық қорының ғана жетістігі емес аудан жастарының жетістігі екенін мақтана айта аламыз. «Рақым» қайырымдылық қорының мүшесі боламын деген жастарға қордың құшағы ашық екенін айта кетеміз. Ел үшін жақсылық жасауға үлес қосқыңыз келсе қатарға қосылыңыздар. Қашанда қайырымды, игі іске иіліп тұратын жастарымыз биік тұғырдан көрінсін демекпіз.

«ТӘРБИЕЛІ ҰЛ, ӨНЕГЕЛІ ӘКЕ»

ОСЫНДАЙ АТАУМЕН Ж.ЖҮСІБАЛИЕВ АТЫНДАҒЫ ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНДЕ ӘКЕЛЕР МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚАТЫСУЫМЕН ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ ӨТКІЗІЛДІ.



Отбасындағы әке мен ер азаматтың рөлінің мәнін ұғындыру, үлкен тәрбиесі туралы ой бөлісу, мектеп пен отбасының өзара байланысын нығайтуды көздеген дөңгелек үстел басындағы кездесу қонақтарды сергіту үшін «Қара жорға» биімен басталды. Ал негізгі бөлімінде әкеге деген құрмет пен әкелеріміздің ұрпақ тәрбиесі, бала тәрбиесіндегі ойларымен бөлісті. Ұлдарымыз әкелері туралы жақсы ойларын

айтты. Наурыз мерекесі қарсаңында ұйымдастырылғандықтан әкелеріміз бен ұлдарымыз арасында достық ойыны ретінде арқан тартыс өткізілді. Әкелеріміз бен ұлдарға «Көпір» атты тренинг ұйымдастырылды.

Айнагул ӨТЕНОВА,
Ж.Жүсібаев атындағы
Ойыл қазақ орта мектебінің
технология пәні мұғалімі.

ЖАҢА ҚАУЛЫ:

ТӨРТІНШІ ТОҚСАНДА ОҚУШЫЛАР ҚАЛАЙ ОҚИДЫ?



2020-2021 оқу жылының төртінші тоқсанында республиканың барлық өңірлерінде балалар санын 25 адамнан асырмай дәстүрлі форматта оқытуға рұқсат берілді. Бұл туралы ҚР Бас мемлекеттік санитарлық дерігерінің жаңа қаулысында айтылған.

Жаңа қаулыға сәйкес «2020-2021 оқу жылының төртінші тоқсанында республиканың барлық өңірлерінде контингенті 300 оқушыға дейін қалалық және ауылдық мектептерде сыныптардағы балалар санын 25 адамнан асырмай дәстүрлі форматта оқытуға; білім беру ұйымы әкімшілігінің шешімі бойынша сабақтан тыс уақытта 15 адамнан аспайтын топтарда оқушыларды жеке оқытуға; – төуекелі төмен және орташа аймақтарда (жасыл және сары аймақтар) орналасқан өңірлердегі жалпы білім беретін мектептерде барлық сыныптардың оқушылары үшін сыныптардағы балалар санын 25 адамнан асырмай аралас форматта оқытуға; – төуекелі жоғары аймақта (қызыл аймақ) орналасқан өңірлерде жалпы білім беретін мектептерде 1 сыныптан бастап 5 сыныпты қоса алғанда, халықаралық мектептерде 1 сыныптан бастап 7 сыныпты қоса алғанда, мектеп алды сыныптарының оқушылары үшін сыныптардағы балалар санын 25 адамнан асырмай аралас форматта оқытуға; оқу бітіретін сыныптар (9, 11 (12) сыныптар) үшін аптаның 6 күні ішінде пәндердің 70%-ын штаттық режимде, 30%-ын жақсы-тықтан аралас форматта оқытуға рұқсат етілмек.

«Төуекелі жоғары аймақта орналасқан өңірлерде оқыту осыған дейінгідей

жалғасады. Мектепалды даярлық, 1-5 сынып (халықаралық мектептерде 1-7 сынып) оқушылары аралас форматта оқиды, сыныпта бала санын 25-тен асырмау қажет. Бітіруші 9, 11 (12) сыныптар аптаның 6 күнінде аралас форматта оқиды. Сыныпта бала санын 15-тен асырмау қажет», - дейді ҚР Білім және ғылым вице-министрі Шолпан Қаринова.

«IV тоқсандағы ең басты мәселе – санитарлық талаптарды қатаң сақтау. Бүгінгі күні білім басқармалары, мектеп әкімшілігі, мектеп басшылығы барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау нормалары бойынша жұмысын жалғастыруда. Сонымен қатар, әр оқушы, әр педагог өзінің жеке бас гигиенасын сақтау мәселесін де ұмытпауы керек. Мектепте сабақтар қатаң тәртіпті сақтай отырып жалғасады», - дейді ҚР Білім және ғылым вице-министрі Шолпан

Қаринова. Оның айтуынша, асханалардың, мектеп-интернаттардың жұмысы жергілікті бас санитар дерігерлердің қадағалауымен жалғаса береді. «Ата-аналарға айтқым келетіні, IV тоқсанда мектеп формасын сатып алудың қажеті жоқ. Оқушылар өздеріне қолайлы, ұқыпты және таза киім киіп, мектепке баруына рұқсат етілген. Қай пәннің қалай өтетінін әр мектеп өз жағдайына қарай іске асырады. Министрлік қай пәндерді қашиқтан оқытуға болатыны туралы ұсыным жолдады. Онда музыка, көркем еңбек, құқық негіздері, графика және жобалау, кәсіпкерлік және бизнес негіздері, информатика пәндерін қашиқтан оқытуға болатыны көрсетілген. Дене шынықтыру пәні штаттық форматта таза ауада жүргізілуіне рұқсат етілді», - дейді ол.

inform.kz

АМАНЖАН ЕЛІНЕ ТІРЕУ ЕР!

«ТУРА АҒАШ ҮЙГЕ ТІРЕУ, ТУРА ЖІГІТ ЕЛГЕ ТІРЕУ», ДЕМЕКШІ «КӨРІ ҚҰДАНЫҢ» ҚЫЛЫШЫ АЛҚЫМҒА ТІРЕЛГЕН СӨТТЕ ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІКТІ КӨРСЕТКЕН АТЫМТАЙ АЗАМАТТАРЫМЫЗ АРАМЫЗДАН ШЫҒЫП, МӨРТТІК ТАНЫТЫП КЕЛЕДІ. МАҢДАҒЫ ЖАРҚЫРАП, КЕҢ ПЕЙІЛДІКМЕН ЕЛГЕ ШЫН ЖАНАШЫР БОЛҒАН ЖАНДАРДЫҢ JAҚCЫЛЫҒЫН БІЗ ДЕ ГАЗЕТ БЕТІНЕН ТҮСІРМЕЙ КЕЛЕМІЗ.



Бірнеше жыл бұрын ауылынан көшіп кетсе де, ел жаққа мойын бұрып жерлестеріне демеу бола білген біздің бүгінгі кейіпкеріміз Аманжан Айдаров. Шұбарши ауылының төл перзенті.

Мал-жанның амаңдығын тілеген Аманжан ауылдастарын қыс бойы мал азығымен қамтамасыз етті. Газ-53 жеке көлігімен қыстың қолайсыздығына қарамастан Маржанбұлақтан

Ойылдың бір бүйірінде жатқан шалғай ауылға 800 тьок жеткізіп берді. Ол жол бойындағы ауылдардың сұранысын білгенімен қызылтаяқ уақытта аз да болса, қолдан келер көмегін өзінің туған жеріне апарып тарту етті. Екі адамның басы қосылса, шөптің жайын қозғайтын қазіргідей кезде оның осындай игі іске мұрындық болуы ауылдастарын қуантып отыр. Әр тьоктің бағасы 800 теңгеден болғанымен шөбі таусылып отырған ауыл бағаға қарап жатқан жоқ. Өйткені жақын жерден мал азығын табудың орайы келмейді. Қайта «Аманжанның амалы қолайлы», - дейді. Аманжан Есенбайұлы одан бөлек Шұбарши мен Көптоғайға 18 рет қатынап, 90 тонна көмір тасыған. Өрине тегін көмек қылмаса да, жол қатынасы жиі болмай қалатын ауылдарды қатты ойтынан үзген жоқ. Олай дейтін себебіміз, екі күннің бірінде қар басып қалатын жолдың ауырталдығын ауыл тұрғындары жақсы біледі. Сондықтан Аманжанның бұл ісін көпке үлгі санайды. Расында Аманжан Айдаров қара басы үшін тыраштанып жатқан жоқ. Туған елі үшін, кіндігінің қаны тамған жері үшін өзі қара күшін жұмсап келеді. Ендеше бізде елім деп қызмет қылып жүрген Аманжан Есенбайұлының ісіне береке, басына амаңдық тілейміз!

Муса ӘДІЛБАЙҰЛЫ,
Ойыл селосы.

2021 ЖЫЛЫ КӨП БАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА БЕЛГІЛЕНГЕН ӘЛЕУМЕТТІК ТӨЛЕМДЕР МӨЛШЕРІ

Сұрақ: Ақтөбе облысы бойынша көп балалы отбасы ретінде мемлекеттік жәрдемақы алушылардың саны және де «Алтын алқа», «Күміс алқа» немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған көп балалы аналарға мемлекеттік жәрдемақы алушылардың саны қанша?

- Қазіргі таңда Ақтөбе облысында республикалық бюджеттен 17 951 көпбалалы отбасынасонымен қатар 10 915 «Алтын алқа», «Күміс алқа» немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған көп балалы аналарға ай сайынғы төленетін мемлекеттен атамшыл жәрдемақы тағайындалып төленуде.

Сұрақ: Жалпы балалы отбасыларға мемлекеттен берілетін жәрдемақылардың қандай түрлері бар?

- бала тууына байланысты;
- бала бір жасқа толғанға дейінгі және оның күтіміне байланысты;
- мүгедек баланы тәрбиелеп отырған анаға, бала асырап алушыға, қамқоршыға;
- бала кезінен I - топтағы мүгедектің күтіміне байланысты;
- бірге тұратын 4және одан көп көмелетке толмаған баласы, оның ішінде көмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа, яғни, 23 жасқа толғанға дейін орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі ұйымдарда күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалар бірге тұру фактісіне қарамастан отбасы құрамында ескеріледі.
Сұрақ: Көп балалы отбасы жәрдемақысына өтініш беру үшін қандай құжаттар қажет?

және II дәрежелі «Ана даңқы» орденімен марапатталған көп балалы аналарға ай сайынғы төленетін мемлекеттік жәрдемақылар болып табылады. Соның ішіндегі 2020 жылдың 1-ші қаңтарынан бастап енгізілген төрт және одан да көпбалалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақыға тоқтала кетсек.

Көп балалы отбасыға берілетін жәрдемақыны тағайындауға кез-келген уақытта мерзімі шектелусіз өтініш білдіруге болады. Балалардың өтініш берушімен бірге тұруы көп балалы отбасыларға берілетін жәрдемақы тағайындауға берілген өтініште бірге тұратын балаларды көрсету арқылы дербес расталады.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 16 бабына сәйкес он төрт жасқа толмаған балалардың тұрғылықты мекенжайы болып олардың заңды тұлғаларының тұрғылықты мекенжайы танылады.

Көп балалы отбасыларға жәрдемақыны тағайындау барысында көмелеттік жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалар бірге тұру фактісіне қарамастан отбасы құрамында ескеріледі.

Сұрақ: Көп балалы отбасы жәрдемақысына өтініш беру үшін қандай құжаттар қажет?

- Көп балалы отбасыларға берілетін жәрдемақыны тағайындау үшін өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) жеке басты куәландыратын құжат;

Оралман мәртебесі бар адамдар бала туғанда берілетін және бала күтімі жөніндегі жәрдемақыларды тағайындауға жүгінген жағдайда оралман куәлігін сәйкестендіру үшін ұсынады;

2) баланың (балалардың) туу туралы куәлігі;

3) неке кию (бұзу) туралы куәлік – өтініш берушінің деректері баланың туу туралы куәлігіндегі деректермен сәйкес келмеген жағдайда;

4) балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенін немесе бала асырап алғанын растайтын құжат – балаға қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленген немесе баланы асырап алған жағдайда;

5) он сегіз жастан жиырма үш жасқа дейін асырауындағы адам оқудың күндізгі нысанында білім алатын жағдайда жыл сайын белгіленген нысан бойынша оқу орнының анықтама тапсырады.

Көп балалы отбасыларға берілетін жәрдемақы отбасының табысына қарамастан тағайындалады.

Ал, көп балалы анаға берілетін жәрдемақы өтініш берген күннен бастап тағайындалады. Өтініш берілген күн жүгінген күн болып есептеледі.

Көп балалы аналарға арналған жәрдемақыны тағайындау үшін тұрғылықты жері бойынша өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1) жеке басты куәландыратын құжат;

Тұрғылықты жері бойынша тіркел-

генін растайтын және көп балалы аналардың «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталғаны немесе алғаны немесе бұрын «Батыр ана» атағын алғаны, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталғаны және атак алғаны туралы құжаттарды ұсыну, оларда қамтылған ақпарат мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне сұрау салуға сәйкес расталған кезде талап етілмейді.

Сұрақ: Көпбалалы отбасылардың жәрдемақысы 2021 жылдан бастап қандай мөлшерде төленеді?

- 2021 жылы айлық есептік көрсеткіш 2917 теңгені құрайды.Демек, көпбалалы отбасылар мен аналарға төленетін ай сайынғы мемлекеттен төленетін жәрдемақы да артады деген сөз.

Жәрдемақы мөлшері отбасының алған табысына қарамастан, балалар санына қарай белгіленеді:
4 бала – 42 496 теңге (16,03 МРП);
5 бала – 53 127 теңге (20,04 МРП);
6 бала – 63 757 теңге (24,05 МРП);
7 бала – 74 388 теңге (28,06 МРП);
8 және одан көп балаға – әрбір балаға 4 айлық есептік көрсеткіш;
«Алтын алқа», «Күміс алқа» орденімен марапатталған көп балалы аналарға берілетін жәрдемақы – 6,40 айлық есептік көрсеткіш (18 669 теңге) көлемінде төленуде.

Гүлнар АЗБЕРГЕНОВА,
«Еңбек, әлеуметтік қорғау және кеші-қон Комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті РММ»
№2 Зейнетақымен және әлеуметтік қамсыздандыру Бөлімінің бас маманы.

СПИСОК ОСУЖДЕННЫХ, СОСТОЯЩИХ НА УЧЕТЕ СЛУЖБЫ ПРОБАЦИИ УИЛСКОГО РАЙОНА
ДЕПАРТАМЕНТА УИС ПО АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ НА МАРТ 2021 ГОДА

№	Ф.И.О. осужденного	Каким судом	Статья УК РК	Вид наказания	Постановка на учет	Место работы	Место жительства
1	Амандыков Кайрат Амангосулы 26.12.1983	Актюбинским городским судом № 2	Ст. 106 ч 1	Ограничение 3 года 6 мес	05.09.2020	Не работает	Уилский район п. Саралжын
2	Сарсенгалиев Асылбек Маликович 22.11.1986	Уилский районный суд	Ст. 188 ч 3 п 3	Ограничение 3 года	09.10.2020	Работает	с.Уил уч.585
3	Дуимбаев Шакен Адилханович 04.10.1984	Уилский районный суд	Ст. 188 ч 3 п 3	Ограничение 3 года	09.10.2020	Работает	с.Уил ул.Койшыгулова 50
4	Төлепбергенов Тұрарбек Елепбергенұлы 06.03.2000	Ақтөбе облысының көмелетке толмағандар істер жөніндегі соты	Ст. 122 ч 1	Ограничение 1 года 6 месяц	11.11.2020	Работает	с.Құмжарған
5	Кенжебаев Мирамбек Каныбекұлы 05.04.1995	Актюбинской городским судом № 2	Ст. 293 ч 3 п 2	Ограничение 2 года 10 мес 8 дней	09.07.2020	Работает	с Уил ул көкжар№90
6	Жұбанов Ғалымжан Көкімжанұлы 14.09.1990	Актюбинским городским судом № 2	Ст. 345 ч 5	Условно 2 года 6 мес	25.02.2020	Работает	сУил ул Шернияз №19
7	Берікұлы Ерлан 11.07.1999	Актюбинским городским судом № 2	Ст. 1914 2 п 1	Ограничение 3 год	03.04.2020	Работает	Уилский район п. Саралжын
8	Кунекбаев Серикали Мухтарович 04.04.1964	Уилский районный суд	ст.188-1 ч.3, п 2	Условно 3 года 9 мес	14.12.2020	Работает	Уилский район п. Бестамак
9	Боран Жантас 20.06.1990	Уилский районный суд	Ст. 293 ч.1	Ограничение 1 год	15.01.2021	Работает	с. Уил Молдагулова 1
10	Кусимов Асхат Салимович 13.11.1987	Актюбинским городским судом № 2	ст. 192, ч.2, п. 1	УДО 1 г. 6 мес. 27 дн.	03.12.2020	Работает	с. Уил Сатпаева №8
11	Молдашов Есболат Қайыржанұлы 05.06.1991	Костанайская обл., Городской суд Костанай № 2	ст. 191, ч.2, п. 1, ст. 293, ч.2, п. 2	УДО 1 год 8 мес.	15.07.2020	Работает	с. Уил Абая №29
12	Даупеталин Гусман Махсатович 07.10.1989	Атырауским городским судом №2	Ст. 380 ч.1	Ограничение 1 год	09.03.2021	Работает	Уилский район п. Акшатау

инспектор Службы пробации
Уилского района
Ст лейтенант юстиции

А.Салик.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ АРАСЫНДА КОРОНАВИРУС ИНФЕКЦИЯСЫНЫҢ
АЛДЫН АЛУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАРДЫ КҮШЕЙТУ ТУРАЛЫ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ САНИТАРИЯЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ БАС МЕМЛЕКЕТТІК САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

22.03.2021 ж.

Ақтөбе облысының тұрғындары
арасында коронавирус инфекция-
сының алдын алу жөніндегі шара-
ларды күшейту туралы

Ақтөбе облысының тұрғындары
арасында COVID-19 пандемиясының
инфекциясының (будан өрі – COVID-
19) таралуының алдын алу, сондай-
ақ Ақтөбе облысының аумағында
қалыптасқан эпидемиологиялық жағ-
дай мақсатында (Қазақстан Респу-
бликасы Денсаулық сақтау министр-
лігінің «Қоғамдық денсаулық сақтау
ұлттық орталығы» ШЖҚ РМК Қазақ-
стан Республикасының аймақтарында
эпидемиологиялық жағдайды
аудандар тұрғысынан 2021 жылдың
22 наурызындағы басталу матрица-
сына сәйкес Ақтөбе облысы сары
аймаққа кіруіне байланысты),
«Халық денсаулығы және денсаулық
сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7
шілдедегі Қазақстан Республикасы
Кодексінің 104-бабының 3 және 4
тармақтары, «Карантиндік шектеу
шаралары және оларды кезең-кезең-
мен жеңілдету туралы» Қазақстан
Республикасы Бас мемлекеттік сани-
тариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25
желтоқсанындағы №68 қаулысының
2 тармағы 16) тармақшасын басшы-
лыққа алып, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ақтөбе қаласы және Ақтөбе
облысының аудан әкімдеріне,
аумақтық мемлекеттік органдарға,
«Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер
палатасына, «ҚТЖ – Жұк тасма-
лы» акционерлік қоғамы «МК Ақтө-
бе бөлімшесі» филиалының дирек-
торына, құқық қорғау және арнайы
органдарға, мәніштік барлық
нысанындағы кәсіпкерлік субъек-
тілеріне, Ақтөбе облысының
тұрғындарына:

1.1. тыйым салу:

1) конференциялар, көрмелер,
форумдар, ойын-сауық, сондай-ақ
адамдар көп жиналатын отбасылық,
салтанатты, мерекелік корпоратив-
терді, естелік және басқа да іс-шара-
ларды, оның ішінде үйде;
2) ас беруіне;
3) ойын-сауық мекемелерінің (кара-
оке, бильярд, компьютерлік клубтар,
түнгі және ойын клубтары, боулинг-
орталықтары, кальян (оның ішінде
қоғамдық тамақтандыру объектілері
жанындағы), жабық үй-жайлардағы
балалар ойын алаңдары және аттрак-
циондар, батуттар және басқа-лар),
бүктемкерлік кеңселердің және лото-
клубтардың қызметтеріне, оның ішін-
де лотерея ұтыстары;
4) кезекші топтарды қоспағанда,
мектепке дейінгі балалар мекемеле-
рінің қызметіне;
5) бастауыш, орта жөненегізгі орта
деңгейдегі білім беру, орта және
жоғарғы оқу ұйымдарындағы асхана
жұмысына;
6) банкет залдарының қызметіне;
7) жексенбі күні сауналардың
қызметіне.

1.2. күшейтілген санитариялық-
дезинфекциялық және маскарлық
режимдерді, сондай-ақ әлеуметтік
қашықтықты сақтай отырып, келесі
объектілердің қызметіне рұқсат
беруді қамтамасыз ету:

1) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67
қаулысының 19 қосымшасындағы
талаптарды сақтай отырып топты 15
адамнан артық тоқтырмаған кезде,
алдын ала жазылу бойынша балалар-
дың түзету кабинеттерін, балалар мен
ересектердің білім беру орталық-
тарының;
2) медициналық орталықтардың,
кабинеттердің, стоматологиялардың
алдын ала жазылу бойынша;
3) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің

2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67
қаулысының 15 қосымшасына сәйкес,
қалаларда қоғамдық көліктің жұмыс
және демалыс күндері штаттық
режимде (қауырт уақытта қоғамдық
көліктердің желіге барынша шығуы-
мен, отыратын орындардың саны
бойынша қоғамдық көліктің толтыры-
луымен, барлық есіктерді ашу, жолау-
шыларға қолжетімді орындарда сани-
тайзерлерді орнату, жолаушылардың,
жүргізушілердің және кондуктор-
лардың бетперделерді міндетті түрде
тағуы);

4) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67
қаулысының 1 қосымшасындағы
талаптарды сақтай отырып, банкет-
тердің, халыққа көзмет көрсету орталық-
тарының, «Қазпочта» АҚ бөлімшесінің
жұмыс уақытын сағат 09.00-ден 18.00-
ге дейін шектей отырып;

5) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67
қаулысының 14 қосымшасындағы
талаптарды сақтай отырып, мектепке
дейінгі мекемелерінде кезекші топтар
20 адамнан аспайтын топтарды
жинақтау;

6) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитарлық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67
қаулысының 1 қосымшасына сәйкес,
мемлекеттік органдардың (ұйымдар-
дың, кәсіпорындардың, кеңселердің),
квазимемлекеттік сектор органдары,
ұлттық компаниялар, өзге де ұйым-
дардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъек-
тілерінің (бұл ретте қызметкерлердің
кемінде 50%-ы қашықтықтан, 50%-ы
күндізгі режимде жұмыс жасауда
қалады);

7) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67
қаулысының 20 қосымшасындағы та-
лаптарды сақтай отырып, ішкі төртіпке
сәйкес халыққа қызмет көрсету
объектілерінің (типологиялық қызмет,
тігін ательесі, аяқ киім шебер-
ханалары, аяқ киім, киім жөндеу сер-
висі және т.б.);

15) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67
қаулысының 10 қосымшасындағы та-
лаптарды сақтай отырып, ішкі төртіпке
сәйкес халыққа қызмет көрсету
объектілерінің (типологиялық қызмет,
тігін ательесі, аяқ киім шебер-
ханалары, аяқ киім, киім жөндеу сер-
висі және т.б.);

16) күшейтілген санитариялық-
эпидемияға қарсы және санитария-
лық-профилактикалық іс-шараларды
сақтай отырып, штаттық режимде
медициналық ұйымдардың, деріхана-
лардың;

17) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67
қаулысының 9 қосымшасындағы талап-
тарын сақтай отырып, жұмыс және
демалыс күндері ішкі төртіпке сәйкес
мәдениет объектілерінің (дайындық-
тар 30 адамнан аспау керек), кітап-
ханалардың, мұражайлардың;

18) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67
қаулысының 15 қосымшасының талап-
тарын сақталған жағдайда қала
маңындағы жолаушылар поездары-
ның/электр пойыздарының қозғалысын
(жалпы вагондарсыз), жолаушылар
поездарының (жалпы вагондарсыз)
қозғалысына;

11) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67
қаулысының 9 қосымшасындағы талап-
тарын сақтай отырып, жұмыс және
демалыс күндері ішкі төртіпке сәйкес
мәдениет объектілерінің (дайындық-
тар 30 адамнан аспау керек), кітап-
ханалардың, мұражайлардың;

қаулысының 9 қосымшасындағы
талаптарын және толықтырылуы 20%
аспайтын театрлардың, кинотеатр-
лардың, концерттік залдардың;

12) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67
қаулысының 13, 25, 28 қосымшала-
рындағы талаптарды сақтаумен ішкі
төртбіне сәйкесөнеркәсіптік және
барлық қызмет түрлеріндегі өндірістік
кәсіпорындардың жұмысын, оның
ішінде вахталық өдіспен жұмыс
істейтіндер, ашық ауадағы құрылыс
жұмыстарының, ауыл және балық
шаруашылығының, мал шаруашылы-
ғының қызметі рұқсат етілсін.

Вахталық өдіспен жұмыс істейтін
кәсіпорын басшылары қызметкер-
лерін COVID-19 анықтау үшін ПТР
өдісімен зертханалық тексерілуіне
бақылауды қамтамасыз етсін және
теріс нәтижесімен шығуға/кіруге
рұқсат берісін.

Мемлекеттік органдар мен ұйым-
дардың қызметкерлері (табиғи және
техногендік сипаттағы төтенше жағ-
дайлар туындаған кезде жұмылды-
рылған шұғыл қызметтердің қызмет-
керлерін қоспағанда) ПТР өдісімен
COVID-19 анықтауға зертханалық
тексерудің теріс нәтижесі болған кезде
вахталық кенттерге кіруді жүзеге
асырсын;

13) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсаныдағы №67
қаулысының 6 қосымшасындағы та-
лаптарды сақтай отырып, ішкі төртіпке
сәйкес халыққа байланысыз қызмет
көрсету объектілерінің (техникалық
қызмет көрсету бекеттері, автомобиль
жуу, дөңгелек жөндеу, вулканизация
және т.б.);

14) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсаныдағы №67
қаулысының 10 қосымшасындағы та-
лаптарды сақтай отырып, ішкі төртіпке
сәйкес халыққа қызмет көрсету
объектілерінің (типологиялық қызмет,
тігін ательесі, аяқ киім шебер-
ханалары, аяқ киім, киім жөндеу сер-
висі және т.б.);

15) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсаныдағы №67
қаулысының 10 қосымшасындағы та-
лаптарды сақтай отырып, ішкі төртіпке
сәйкес халыққа қызмет көрсету
объектілерінің (типологиялық қызмет,
тігін ательесі, аяқ киім шебер-
ханалары, аяқ киім, киім жөндеу сер-
висі және т.б.);

16) күшейтілген санитариялық-
эпидемияға қарсы және санитария-
лық-профилактикалық іс-шараларды
сақтай отырып, штаттық режимде
медициналық ұйымдардың, деріхана-
лардың;

17) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсаныдағы №67
қаулысының 9 қосымшасындағы талап-
тарын сақтай отырып, жұмыс және
демалыс күндері ішкі төртіпке сәйкес
мәдениет объектілерінің (дайындық-
тар 30 адамнан аспау керек), кітап-
ханалардың, мұражайлардың;

18) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсаныдағы №67
қаулысының 15 қосымшасының талап-
тарын сақталған жағдайда қала
маңындағы жолаушылар поездары-
ның/электр пойыздарының қозғалысын
(жалпы вагондарсыз), жолаушылар
поездарының (жалпы вагондарсыз)
қозғалысына;

11) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсаныдағы №67
қаулысының 9 қосымшасындағы талап-
тарын сақтай отырып, жұмыс және
демалыс күндері ішкі төртіпке сәйкес
мәдениет объектілерінің (дайындық-
тар 30 адамнан аспау керек), кітап-
ханалардың, мұражайлардың;

2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67
қаулысының 7 және 16 қосымшала-
рына сәйкес, жұмыс және демалыс
күндері ішкі төртіпке сәйкес сұлулық
салондарының, шаштараздардың,
СПА орталықтарының және космето-
логиялық қызмет көрсететін объекті-
лердің (алдын ала жазылу бойынша,
1 келушіге 4м²);

20) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67
қаулысының 11 және 17 қосымшала-
рына сәйкес, халықтың тұруы бойын-
ша қызмет көрсету саласындағы
туризм объектілері мен ұйымдарының
(қонақ үйлер, отелыдер, демалыс
үйлері, туристік базалар және т.б.);

21) Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрі-
герінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы
№67 қаулысының 5 қосымшасындағы
талаптарды сақтай отырып, жұмыс
және демалыс күндері ішкі төртіпке
сәйкес «ашық ауадағы» азық-түлік
және азық-түлік емес базарларының;

22) Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрі-
герінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы
№67 қаулысының 5 қосымшасындағы
талаптарды сақтай отырып, жұмыс
және демалыс күндері ішкі төртіпке
сәйкес «ашық ауадағы» азық-түлік
және азық-түлік емес базарларының;

23) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67
қаулысының 5, 22 қосымшаларын-
дағы талаптарды сақтай отырып, тек
тамақты алып кету және жеткізу
арқылы фудкорттардың қызметіне;

24) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67
қаулысының 5 қосымшасындағы
талаптарды сақтай отырып, жұмыс
және демалыс күндері жұмыс кестесі
ішкі төртіпке сәйкес азық-түлік емес
тауарлардың барлық түрлерін сату
бойынша дүкендердің;

25) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67
қаулысының 16 қосымшасына сәй-
тес, жұмыс және демалыс күндері ішкі
төртбіне сәйкес моншалардың;
26) Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрі-
герінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы
№67 қаулысының 16 қосымшасындағы
талаптарды сақтай отырып, ішкі төртіпке
сәйкес халыққа қызмет көрсету
объектілерінің (типологиялық қызмет,
тігін ательесі, аяқ киім шебер-
ханалары, аяқ киім, киім жөндеу сер-
висі және т.б.);

27) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсанындағы №67
қаулысының 15 қосымшасының та-
лаптары сақталған жағдайда, халық-
аралық, облысаралық және облыс-
шілік автобустардың/шағын автобус-
тардың қозғалысына;

28) Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрі-
герінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы
№67 қаулысының 8 қосымшасындағы
талаптарды сақтай отырып, алдын
ала жазылу бойынша, жұмыс және
демалыс күндері ішкі төртіпке сәйкес,
жабық спорт объектілерінің (спорт
кешендері, спортмектептері, спорт-
клубтары, жаттығу залдары), фитнес
орталықтары және спорттық-сауық-
тыру орталықтарының;

29) ашық ауада жеке және топтық
жаттығулардың (5 адамнан артық
емес, 2 метрден кем емес әлеуметтік
қашықтықты міндетті түрде сақтай
отырып) және ұлттық құрама, клуб
командалары үшін спорттық жаттығу-
лардың (30 адамнан артық емес,
денемен жанаспайтын өдіспен дене
қызуын өлшеу, спорт базаларында
түру);

30) бір мезгілде 30 адамнан асыр-
май жинақтай отырып, күшейтілген
санитариялық-дезинфекциялық ре-
жимді сақтаған жағдайда, облыстық

командаларды даярлау үшін оқу-
жаттығу жиындарын қайта бастауға;

31) спорттық іс-шараларды көрер-
мендерсіз өткізу;

32) Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрі-
герінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы
№67 қаулысының 5 қосымшасының
талаптарын сақтай отырып, объектіде
1 келушіге – 4 м² сақтаған кезде
балалар ойын алаңдары мен аттрак-
циондарының қызметіне тыйым салы-
нумен жұмыс және демалыс күндері
ішкі төртіпке сәйкес СОО, сауда
үйлерінің, сауда желілерінің;

33) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67
қаулысының 21 қосымшасындағы
талаптарды сақтай отырып, жұмыс
және демалыс күндері сауда-ойын-
сауық орталықтарының ішкі төртбіне
сәйкес, 50 отыратын орыннан аспай-
тын, ұжымдық іс-шаралар өткізбей,
сауда-ойын-сауық орталықтарында
(жекелеген үй-жайларда) орналасқан
қоғамдық тамақтандыру объектіле-
рінің;

34) күшейтілген санитариялық-эпи-
демияға қарсы және санитариялық-
профилактикалық шараларды сақтау-
мен көшедегі азық-түлік саудасының
рұқсат етілген түрлерінің жұмысының
(оның ішінде тез тамақ өнімдерін,
пончиктерді, балмұздақтарды, алып
шығуға арналған кофені, көкөніс
шатырларын және т.б. сататын
объектілердің);

35) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67
қаулысының 21, 22 қосымшаларын-
дағы талаптарды сақтай отырып, авто-
экспрестің (алып кетуге арналған
тамақ);

36) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67
қаулысының 27 қосымшасына сәйкес,
Қазақстан Республикасы Қорғаныс
министрілігінің, Қазақстан Респу-
бликасы Ішкі істер министрлігінің,
Ұлттық қауіпсіздік комитетінің (оның
ішінде ҰҚК Шекара қызметінің) және
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
құзет қызметінің жеке құрамы ара-
сында COVID-19 таралу қаупін азайту
жөніндегі алгоритмді сақтау;

37) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитарлық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 67
қаулысының 12 қосымшасына сәйкес,
өуежай, теміржол және автомобиль
вокзалдарының жұмыс істеу алгорит-
мінің сақталуы қамтамасыз етілсін;

38) Қазақстан Республикасы Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсаныдағы №67
қаулысының 3 қосымшасындағы та-
лаптарды сақтай отырып, кеңес-ерді
(отырыстарды) күндізгі режимде өткі-
зуге (оларды қашықтықтан өткізу мүм-
кіндігі болмаған кезде) рұқсат берілсін.

1.3. қоғамдық орындарда, халық-
тық келуіне, қызмет көрсетуіне және
демагулына арналған үй-жайларда,
қоғамдық көлікте (оның ішінде такси-
де), қоғамдық орындарындағы ашық
ауада болған кезде барлық адамдарға
**медициналық немесе мата бет-
перделерін міндетті түрде тағу,**
– бес жасқа дейінгі балаларға;
– қоғамдық тамақтану орындарын-
да әлеуметтік қашықтықты сақтай
отырып тамақ ішкен жағдайда.

2. Ақтөбе облысының денсау-лық
сақтау басқармасына медициналық-
санитариялық алғашқы көме объек-
тілеріне кіретін адамдардың дене
температурасын өлшеуді, ЖРВИ,
тұмау және COVID-19 белгі-леріне
күдікті барлық тұлғаларды «фильтр»
арқылы қабылдауды, стационардың
қабылдау бөлмінде пациенттердің
көзделікті ағынын хирургиялық және
терапиялық бейіндер бойынша бөлек
қабылдауды және күшейтілген дезин-
фекциялық режимді қатаң сақтауды
қамтамасыз етсін.

3. Ақтөбе қаласы және Ақтөбе
облысының аудан әкімдеріне,
Ақтөбе облысының білім басқар-

масына, меншік нысанына қара-
мастан кәсіпкерлік субъектіле-
ріне 2017 жылғы 16 тамызындағы
№611 «Білім беру объектілеріне
қойылатын санитариялық-эпиде-
миологиялық талаптар» санитария-
лық қағидаларын сақтай отырып,
жұмыс істеуін қамтамасыз етсін:

1) контингентті 300 оқушыға дейін,
сынпаптардағы балалар саны 15 адам-
ға дейін қалатын және ауылдық мек-
тептердегі қызметіне тыйым салы-
нумен жұмыс және демалыс күндері
ішкі төртіпке сәйкес СОО, сауда
үй



ОЙЫЛ УЭЛАЯТЫНЫҢ ОЙЛАҒАНЫ НЕ?

1917 жылы Патша үкіметі құлағаннан кейін оның территориясында жаңа үкіметтер пайда болды. Атап айтқанда, Самарада – Комуч (1918 жылдың маусымында), Омбыда – Сібір үкіметі (1918 жылдың шілдесінде), Уфада – Уфа директориясы (1918 жылдың қыркүйегі) секілді саяси құрылымдар қалыптасты. Бұл кезде Қазақ даласында да осындай үкіметтер құрыла бастаған болатын. Айналдырған бірер жылда еліміздің әр өлкесінде Түркістан автономиясы (1917 жылы қарашасында), Алашорда үкіметі (1917 жылдың 12 желтоқсанында), «Ойыл уәлаяты» үкіметі (1918 жылдың 18 мамырында) секілді басқару құрылымдары өмірге келді. Түркістан автономиясына – Мұхамеджан Тынышбаев, кейін Мұстафа Шоқай, Алашорда автономиясына – Әлихан Бөкейхан, «Ойыл уәлаяты» үкіметін Жаһанша Досмұхамедов басқарды. Бұлардың бәрі де революциядан кейінгі азаттыққа ұмтылған алаштың алғашқы қарлығаштары болатын. Осылардың ішіндегі «Ойыл уәлаяты» үкіметі бұдан тура 100 жыл бұрын, 1918 жылдың 18 мамырында құрылды. Орынборда өткен Екінші жалпықазақ съезінен кейін қазақтың қайраткер ұлы Жаһанша Досмұхамедов еліміздің батыс өлкесінен аймақтық үкімет құруды ойластырады. Осы мақсатта 1918 жылдың 18 мамырында Жымпитыда (қазіргі БҚО-ның Сырым ауданы) Орал өңірі қазақтарының кезекті съезі өтті. Үш күнге созылған құрылтайға 450-ге жуық делегат қатысты. Құрылтай жұмысын Халел Досмұхамедов ашып, өзі төралқа құрамына қосылудан бас тартты. Сөйтіп, құрылтай төралқасына төраға болып Жаһанша Досмұхамедов, оның орынбасарлары – Дәулетше Кусепқалиев, Жанқожа Мергенов, хатшылығына Қалдыбай Асанов, Керім Жәленұлы сайланды. Съездің күн тәртібінде 20 мәселе қаралды. Соңында құрылтай қорытындысы бойынша «Ойыл уәлаяты» үкіметі құрылды. Жаңа үкімет құрамына Жаһанша Досмұхамедов (төраға), Халел Досмұхамедов (төраға орынбасары), Дәулетше Кусепқалиев (Үкімет кеңесінің басшысы), Салық Омарұлы (Жер министрі) және тағы үш адам сайланды. Соңғы үш адам туралы пікір еркiлi. Бiр деректерде Қалдыбай Асанов (Қаржы министрі), Сабыр Сарғожан (Ішкі істер министрі), Ғабдол Қуанайұлы (Рухани істер министрі) делінесе, енді бір деректерде Иса Қанжасаров (Қаржы министрі), Жанғожа Мергенов (Ішкі істер министрі), Сағидолла Ізтілеуов (Рухани істер министрі) деп жазылып жүр. Өкінішке қарай, «Ойыл уәлаяты» үкіметінің құрылуына қазақ зиялыларының бір тобы қарсы болды. 1918 жылдың 30 шілдесіндегі «Қазақ» газетінде «Бір облыстың жеріндегі базз елінен өкімшілікке сусаған бір үйір ишанын бөліп алып үкімет жасау – баланың ойынындай бір іс. Сондықтан бетеге кетіп, бел қалғанда зиялы ишан мен фуражжалы милиция өз-өзінен құлар. Алаш бірлігіне сусаған шын ұлтшыл қазақтар Орал облысының ісін өз қолдарына алар. Келешек жағына халық сыншы» деп жазды. Осы жерде дүдәмал сауал көлденеңдейтіні даусыз. «Ойыл уәлаяты» үкіметі Алаш үкіметіне қарсы болды ма? Ойылдықтардың көздеген мүддесі не еді? Бұған жауапты «Арыс» баспасынан шыққан «Батыс Қазақстан облысының энциклопедиясына» табуға болады. Онда «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметі орталық Алашордадан бөлініп кеткен көк және бүкіл қазақстандық билікке ие болуды да көздемеген. Мемлекет құрылымы жағынан ол – федерация объектісі, құқықтық-саяси дербестігі жағынан автономиялық республикалар құрылымдарығы кантон, штат, өңір (земж) деңгейінде тұрды» деп жазды кітап авторлары Ғарифолла Өнес пен Мақсат Төжмұрат. Рас, ойылдықтардың көздегені жеке отау тігу емес, алдымен өңірлік ұлыс құрып, соны Алашорда үкіметіне қосу болатын. Бұл жайлы Орал қазақтарының IV съезінде қаулысында «Орал ұлысы Алаш автономиясы жарияланған соң, бар хакімшілікті «Алашордаға» тапсырсын» деп анық көрсетілді. Демек, ойылдықтар мен алашордалықтар бір-біріне қарсы болған жоқ. Тек пікірлері ғана қабыспады. Жаһанша Досмұхамедов «явочный порядок» бойынша жеке-жеке автономия жариялап барып, Алашорда автономиясын құруды ұсынды. Әлихан Бөкейхан болса, бұлай бөлшектемей, тұтас мемлекет құруды алға тартты. Алаштанушы, журналист Болат Мүрсәлім «Нақақ» мақаласында осы ойды қуаттай



түседі. «Съезде Жаһанша Досмұхамедов принципті түрде Әлихан Бөкейхан тобына қарсы шығып, Алаш автономиясын бірден жариялауды ұсынады. Алайда 42/33 болып, 9 дауыс артықшылығымен Әлихан Бөкейхан тобының «Автономияны Қазақ жеріндегі өзге халықтармен келіссөзден соң жариялайық» деген ұсынысы басымдыққа ие болады. Бұл жерде айта кететін мәселе, Жаһанша кейіннен тергеуде айтқандай, Америка Штаттары сияқты, әр облыс «явочный порядокпен» жеке-жеке автономия жарияласын деген ұстанымда болған. Ал Әлихан қазақтың 6 облысы мен бірнеше уезін бір-бірінен бөлмей-жармай, территориялы автономияны тұтас жариялайық деген пікірді ұстанды» дейді Болат Мүрсәлім. Жаңа үкімет атауы неге «Ойыл уәлаяты» деп аталды? Оның территориясына қай өңірлер кірді? Бұл жайлы алашордашы ғалым, тарих ғылымдарының кандидаты Дәметкен Сүлейменова «Батыс Алашорда тарихы» еңбегінде маңызды мәліметтер береді. «Жаһанша мен Халел Досмұхамедов съезд шешімімен «Ойыл уәлаятының» уақытша үкіметін құрды. Оның құрамына Ілбіш, Орал, Атырау, Ақтөбе, Ырғыз уездерінің қазақтар мекендеген аудандары мен Маңғыстау, Ойыл және Бөкей уездері кірді. Осы өңірде 1917 жылы жойылған Уақытша үкіметтің билігі жүретін болды. Басқа сөзбен айтқанда, бұл әрекет Екінші жалпықазақ съезінің ұлттық-территориялық автономия құру жөніндегі шешімінің Батыс Қазақстанның айтарлықтай территориясында жүзеге асуының көрінісі еді. «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметі – XX ғасырдың басында Жайық өңірінде орнаған мемлекеттік-автономиялық құрылым. Ол 1918 жылдың мамыр айының соңында Жымпитыда өткен IV Орал облыстық қазақ съезінің қарарымен құрылды. «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметінің атауы жөнінде Н.Мартыненко «Алашорда» атты құжаттар жинағында: «Құрылған үкімет Жайық өзенінің арғы бетінде орналасқан, онда тұратын халықтар – түгел дерлік қазақтар, ол территориялық бөлік Ойыл облысына жатады. Сондықтан осы облыстың атымен үкімет «Ойыл уәлаяты» аталды» дейді Дәметкен Сүлейменова. Жаңа үкімет алдымен салық жинауға, сосын өскер жасақтап, оны қаруландыруға күш салды. Орал өскері үкіметі оларға бұл жағынан қолдау көрсетіп, офицерлер дайындауға атсалысты. Осы мақсатта Жымпитыда, Ойылда өскері мектептер ашылды. Қазақ жастарынан (18-30 жас аралығындағы) жасақтар құрылып, олар мұздай қаруланды. Өскер санын 2 мыңдай дейін жеткізу жоспарланды. Деректерде «Ойыл уәлаяты» үкіметі өскерінде зеңбірекке дейін болғаны айтылады. Дәметкен Сүлейменова бұл жайлы: «Өскер жорыққа ақ тұ ұстап шыққан, мұның өзі уәлаят милициясының жалпы Алашорда өскерлерінің құрамдас бөлігі ретінде жасақталғанын дәлелдейді. Уәлаяттың өскері жасағын Сабыр Сарығожин, Недірше Есімханов басқарды, бас интендант міндетін Б.Атышбаев атқарды. Уәлаят өскері офицерлерінің арасында Б.Қаратаевтың баласы хорунжий Мұрат Қаратаев, Мұхит Мерөліұлының немересі прапорщик Ғұбайдолла Мұхитов және т.б.бар» дейді. Үкіметтің өскер жасақтаудағы негізгі мақсаты большевиктерге қарсы тойтарыс беру болатын. Орал қазақтарының IV съезінің қаулысында «Қазақ халқы Совет үкіметін танымасқа және бой сұнбасқа тиісті» деп нақтылап көрсетілді. Орал өскері үкіметімен одақтасуының да себебі сол болатын. Алайда Жаһанша орыс-қазақтарға өскер бермеді. Олар большевиктерге қарсы күрес үшін майданға үш рет өскер сурады. Үшеуінде де Жаһанша түрлі жағдайларды сылтау қылып, қолын қайтарды. Жаһанша бұл жағынан «Шайтанды жеңгің келсе, жынмен дос бол» қағидатын ұстанды.

Ол бір-бірімен шайқасып жатқан екі саяси құрылымды қолдаған болып, екіжүзді саясат жүргізді. Заманның сол кездегі талабы солай болатын. Соның арқасында қазақ жұртын бүліншіліктен сақтап қалды. «Ойыл уәлаяты» үкіметі өскер құрудан басқа қандай қызмет атқарды? Бұл жайлы Дәметкен Сүлейменова былай деп жазады: «Ойыл уәлаяты» уақытша үкіметінің атқарған істері: – Жерге жекеменшікті жойып, оны халықтың меншігі деп жариялады; – Халық сайлаған уәлаяттық, уездік соттар іске кірісті; – Ақша-қаржы жүйесі жасалынды; – Халыққа өз саясатын жеткізу, түсіндіру үшін газет шығарылды (оның редакторы болып Ахмет Мәметов жұмыс атқарды. Ол – М.Мәметованың өкесі, көрнекті Алашорда қайраткерлерінің бірі). – Жер пайдалану, салық, дін, сот, білім, өскер істері жөнінде көптеген қаулы-қарарлар қабылдады». «Ойыл уәлаяты» үкіметі 19 ай 3 күн өмір сүрді. Үкіметтің о бастағы қаулысында жазылған «Орал ұлысы Алаш автономиясы жарияланған соң, бар хакімшілікті «Алашордаға» тапсырсын» деген талап толықтай орындалды. 1918 жылдың 11 қыркүйегінде «Ойыл уәлаяты» үкіметі Алашорда автономиясына қосылды. Сөйтіп, бұрынғы «Ойыл уәлаяты» үкіметі Алашорданың Батыс бөлімі деп аталды. Батыс бөлімнің төрағасы болып Жаһанша Досмұхамедов тағайындалды. Қазақ жерін большевиктер түгелдей басып алған кезде, алашордашылардың басына бұлт үйірілді. Түркістан автономиясы 1918 жылдың 13 ақпанында қызметін тоқтатты. Автономия жетекшісі Мұстафа Шоқай шетел асты. 2020 жылдың 9 наурызында ҚазРевКом Алашорда автономиясын да таратты. Алашордамен бірге оның Батыс бөлімі де тарих сахнасынан жойылды. Жаһаншаның да Мұстафа Шоқай секілді шетелге кетуге мүмкіндігі болды. Алайда эмиграциядан бас тартты. Осылайша, Алаш қайраткерлерінің отаршыларға қарсы ашық саяси күресіне нүкте қойылды. Жаһанша Досмұхамедов кім еді? Ол – қазақтың күрескер ұлы. 1905 жылы Орал өскері училищесін, 1912 жылы Мәскеу университетінің заң факультетін бітірді. Оның Мәскеуде оқуына қазақтың қайраткер ұлы Бақытжан Қаратаев қол ұшын созды. Оқуды бітірген соң Орал, Томск соттарында қызмет істеді. Революциядан кейінгі өмірін қазақтың азаттығы жолында сарп етті. Алашорда үкіметінің мүшесі болды. «Ойыл уәлаяты» үкіметін құрды. «Ойыл уәлаятын» Алашорда автономиясына қосып, өзі оның Батыс бөлімін басқарды. Жаһанша 1918 жылы Халел Досмұхамедовпен бірге Ленинмен, Сталинмен келіссөз жүргізді. Совет үкіметі құрылғаннан кейінгі еңбек жолын қазақтың ұлттық мәдениеті, ғылымы мен білімін көтеруге арнады. Қазақтың талай құнды шығармасын орыс тіліне аударды. 30- жылдардан бастап басқа да Алаш арыстары секілді Жаһанша да қуғын-ғашырады. Соңғысында инсульт алып, жарымжан күй кешті. Соған қарамастан, Совет үкіметі Жаһаншаны аман қалдырған жоқ. 1938 жылы «халық жауы» ретінде қамауға алып, 3 тамыз күні ату жазасына кесті. Сүйегі Мәскеудегі Бутово қорымына жерленді. Жаһанша университеттің соңғы курсында оқып жүргенде өмірлік жары Ольга Колосовскаямен отау құрды. Олғаның өкесі Константин Колосовский Черняев (қазіргі Шымкент) қаласының уезд бастығы болатын. Константиннің тағы бір қызы Надежда – Тұрар Рысқұловтың жары. Ольга ислам дінін қабылдап, Жаһаншаны хан баласындай күтті. Өкінішке қарай, екеуіне ұрпақ сүйе бақыты бұйырған жоқ. Бір көм дүние!

Серікбол ХАСАН.
19 мамыр 2018 жыл.
www.alkyn.kz

ДІН МЕН ДӘСТҮРДІ ҚАТАР ҰСТАНҒАН ЕЛІМІЗ!

«Қазақ халқының діннен кейінгі күшті құралы - салты мен дәстүрі» - деп кеше ғана 155 жылдығы атап өтілген ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан айтып кеткен болатын.

Әлімсақтан Есім, Қасым, Тәуке хандардың заң жинағы дін мен хадиске сүйеніп жасалды. Берісі Абай, Шөкәрім ағартушыларымыз «Құдай сөзі қасиет» - деп орыс отаршылдарының саясатына қарамастан, ата дінінен жаңылмады. 70 жыл бойы «Құдай жоқ!», «Дін - апын» - деп санамызға оңды-солды күштеп сіңіргенмен, қазіргі уақытта дінге бетбұрушылық көбейді. Небір зұлматты басынан кешіп, «мың өліп, мың тірілген» қазақ халқы бүгінге дейін діні мен дәстүрін қатар ұстап, берік болды. Қарға тамырынан ажырамады. Ата жолынан танбады. Тәуелсіздік алғаннан кейін төл дінімізді еркін оқып-білуге күн туды. Бұны неге айтып отырымыз?

Соңғы кезде кей жастар мен аға буын арасында салт пен сүннетті бір-біріне қарсы қойып, «Шелпектің көрегі жоқ», «Анасы намаз оқымаса көпір» - деген адасушылыққа салынуда. Ислам діні – ізгілік пен мейірімнің жолы десек, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.ғ.с.): «Шын мұсылман – тілі мен қолынан ешкімге зияны тимейтін адам», - деп сөзімізді төтесінен дәлелдейді. Дінге бет бұрған емес, дінге ұрынған буынға осыдан артық не айтуға болады?! Тал бесіктен жер бесікке дейінгі кез-келген қазақтың фәни ғұмыры мұсылманшылық пен қазақышылықтың қазанында қайнап өтеді. Бір-бірінен бөліп алу, ажырату мүмкін емес. Ажыратқан күнде өл бопашағының жарқын болуы екіталай. Діні мемлекетті басқаратын елдер бар. Біз - құқықтық, зайырлы мемлекетпіз. Дін идеологияға ықпал етпейді. Азаматтардың діни наным-сеніміне еркіндік берілген. Еркіндік

берілді екен деп неше түрлі жамағаттарға бөліну, ағымдарға еліктеу – қоғамымыздың дерті. Адам дінге ешкімнің азғыруынсыз, еліктеуінсіз, сана-лй түрде келуі керек. Бұл туралы талай жазылып та, айтылып та жүр. Дін мен дәстүрді бөліп жармайтын бағытты ұстансақ қана, тамырымыздан ажырамай, ғасырдан ғасырға көшеміз.

Дін мен дәстүрдің егіз екенін айттық. Осы екеуіндегі ананың алатын орны биік! Оған мысал Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.)жауабы. Бірде Алла елшісінен (с.ғ.с.): «Уа, Алла елшісі! Жақсылықты кімге жасауым керек?» - деп сұрағанда: – Анаң.

– Одан кейін кімге? – Анаң. – Кейін кімге? – Анаң. – Одан кейін кімге?

– Өкеңе, сосын жақынырағына, сосын жақыныңа, – деп жауап бергенін білесіз. Қазақ танымында «Анаңды үш рет Меккеге арқалап апарсаң да, қарызыңан құтылмайсың» - деп ананың орнын ерекше көрсеткен. Дүниеге ұрпақ өкелем деп өлім мен өмірдің арасында арпалысқан ананы дін мен дәстүр бірдей ұлықтаса, қалайша «көпір» деп күстөнәлаймыз?!

Әр қазақ отбасында баласының құлағына құятын: үлкенді сыйлау, көршімен тату болу, нанды қадірлеу, қайтыс болған кісінің жетісі мен қырқын беру, сәрсенбіні сәтті күн деу, тағы басқа толып жатқан ырым-тыйым, салт-дәстүрдің бастауы асыл дінімізде жатыр. Мысал келтірейік: баяғыда әжелеріміз кеш қарайғанда көз іліме деп зекіп отыратын. Үлкеніген соң мәнісін түсіндік. Қазақ «батқан күнмен таласып ұйықтама, ырысыз қаласың, жын-шайтан қағады» - десе, шариғатта «Алла елшісі (с.ғ.с.) құптан-ның алдындағы ұйқыны ұнамсыз көретін әрі құптаннан кейін өңгіме-

дүкен құруды ұнамсыз көретін» - делінген. Ақшам мен құптан арасында көз ілу - мөкәруһ саналған. «Көрші ақысы – Төңір ақысы» деп көршісінің ақысын жеуден қайымықша момын қазақ ауылға біреу көшіп келсе, ерулік беріп мәре-сәре болады емес пе?! Ислам дінде «Аллаға және ақырет күніне иман еткен адам көршісіне жақсылық жасасын» - деген хадис бар. Көршісін сыйлап, ренжітпеген адам Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымыздың үмбетінен дейді. «Тіп-түгел Алланың жібіне (дініне) жабысыңдар да бөлінбеңдер...». - дейтін «Әли Иман» сүресіндегі 103-аяты тілге тиек етсек, қазақ халқының «Бірлік бар жерде тірлік бар» дейтін тәмісілі бірден ойға оралады.

Ежелден бірлікті ту еткен елміз. Бір дініміз, бір тудың астында жұдырықтай жұмылып өмір сүруіміздің арқасында талан-тарап, зорлық-зобалаң кешсек те, жер бетінен жойылмадық. Бытырап кетпедік. Дін де, дәстүр де бірлікке, жақсылыққа шақырады. Қасиетті Құран Керімде: "...Алла саған жақсылық еткендей, сен де жақсылық істе...»,-дейді. Ауылдасының басына іс түссе, асарлатып, жылу жинап, шүлен тартып жүретін дәстүріміз өлі бар. Биыл ауылымызда мал азғығы ерте бітіп, қыс аяғы созылып жатқанда азаматтардың көрегендік жасауы осының дәлелі емес пе?!

Қорыта айтқанда, тек мұсылман болу аздық етеді. Бойымызда қазақшылық, ұлттық рух өшеуле керек. Мұсылмандылық жолын қазақы дәстүрмен сабақтастыра алсақ қана, іргесі бүтін елміз! Ислам діні мен салт – дәстүріміз – құстың қос қанатындай ұғым. Осыны естен шығармайық.

Жамаладдин ДҮЙСЕНОВ,
Амангелді ауылдық мешіттің
имамы, аудандық АТТ мүшесі.

ҚАЗҰУ- МҮМКІНДІКТЕР МЕКЕНІ

Адам баласы қиындығы мен қызығы қатар жүретін мынау дүниеде қанша жыл өмір сүрсе де, қандай іспен айналысса да өміріндегі ең бір ұмытылмас кездер - университет қабарғысындағы керемет шақтар болар. 2017 жылы мектебінен түтеп ұшқан жас түлектермен қатар мен де осы бір керемет кезеңнің табалдырығын атап, балалық шақпен қоштасып, жаңа бір белеске аяқ бастым. Менін Ала-таудай асқақ арманым мені Алматы шаһарына, қара шаңырақ атанған Өл – Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне жетеледі. Университет қабырғасына аяқ тіреген күннен бастап мен өзімді нағыз телегей-теңіз білім ордасына, жалынды жастардың қатарына енгенімді түсіндім. Өз студенттерінің жан-жақты дамуы үшін, көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру үшін, өз-өзін кемелдендіріп, білікті маман атануы үшін, олардың жайлы өмір сүруі үшін университеттің барлық мүмкіндікті ұсынатындығы мені қатты таңғалдырды.

Соның бір дәлелі ретінде - ҚазҰУ қалашығында орналасқан ең бай кітапхана Өл-Фараби кітапханасын айтсам болады. Қойнауы кітапқа бай, зәулім сарайлы кітапханамызда әр студент өзінің керегіне еш қиындықсыз қол жеткізе алады.

Онымен қоса ҚазҰУ қалашығында басқа ЖОО-да баламасы жоқ «Керемет» студенттерге қызмет көрсету орталығы орналасқан. Студенттерге қызмет ететін бұл орталықта студентке керектінің барлығы, кітап және азық-түлік дүкендері, кинотеатр, тіпті сән салонына дейін орын тапқан.

Ал қалашықтан биік-биік болып бой таяузеген ғимараттарды көрсеніз – жатақханалар деп біліңіз. Сонымен

қатар ҚазҰУ аймағында ғылыми технологиялық парк, Ұлттық нанотехнологиялық зертхана, интернет орталығы, Ө.А. Жолдасбеков атындағы студенттер сарайы, мұражай, тамақтандыру комбинаты, ауқымы кең спорттық кешен және тегін Wi-Fi желісінің барын да айта кету керек.

ҚазҰУ-дың басқа жоғары оқу орнындарынан тағы бір ерекшелігі және ең қолайлы тұсы – студенттер үйі де, барлық факультет ғимараты да, жоғарыда аталған кешендердің барлығы бір қалашықтың ішінде орналасқандығы. Қалашықтың табиғатын сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес! Айнала қоршалған жасыл желекті ағаштар, хош иісті гүлдер,саф, таза ауасы, ең бастысы шыңы аспанмен таласқан заңғар Алатау орналасқан. Сол Алатаудың шыңы әр студентті, жалпы әр адамды биікке жетелейтіндей көрінеді.

Өл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті осы ерекшеліктерінің арқасында бүгінде өлемің ең үздік деген университеттерінің қатарына кіріп отыр. Өзінің мәртебесі мен өсем қампұсы арқылы белгілі университет жыл сайын жас түлектердің алым-матері атанып, білім алғышлар үшін өртүрлі халықаралық бағдарламалар, стипендиялар мен олимпиадалар, тіпті шетелді бағындыруға да жаңа мүмкіндіктер ұсынуда.

ҚазҰУ студенті атанған жас буынның бұл оқу орынындағы қай мамандықты таңдаса да болашағы жарқын, келешегі кемел болары сөзсіз. Осы орайда жас талапкерлерге университетіміздегі ең алдыңғы орында тұрған факультеттің бірі-өзім білім алып жатырған Экономика және бизнес жоғары мектебін ерекше атап өткім келеді.

ТУЛЯРЕМИЯ - КЕМІРГІШТЕРДЕН КЕЛЕДІ

ТУЛЯРЕМИЯ - ТАБИҒИ ОШАҚТЫ АСА ҚАҰПТІ АУРУЛАРДЫҢ БІРІ. ОБЛЫС АУМАҒЫНДА ОЙЫЛ, КОБДА, ҚИЫЛ, ЫРҒЫЗ, ОР ӨЗЕНДЕРІНІҢ ЖАЙЫЛ-МАҒАРЫ БОЙЫНДА ТУЛЯРЕМИЯ ОШАҚТАРЫ БАР. АДАМДАР ТУЛЯРЕМИЯ ҚОЗДЫРҒЫШЫНЫҢ САҚТАУШЫЛАРЫ (КЕМІРГІШТЕР) ЖӘНЕ ТАРАТУШЫЛАРЫМЕН (КЕНЕ, МАСА, СОНА) ТАБИҒИ ОРТАДА ЖИІ КЕЗДЕСУІ МҮМКІН.

Әсіресе бұл ауруды малшы, ауылды шаруашылық мамандары, аңшы-балықшылар, егіншілер, яғни туляремияның табиғи ошағы бар жерлерде қызмет бабымен ұзақ уақыт болатын адамдардың жұқтыру қаупі жоғары.

Туляремия қоздырғышы адам ағзасына терісі арқылы, көздің, ауыздың, не тыныс жолдарының кілегей қабаты арқылы тез өтеді. 3-5 күн өткен соң аурудың бірінші белгілері, яғни дене қызуы көтеріліп, басы ауыры, терінендік байқалады, денесі қалтырап, ұйқысы қашып, тамаққа зауқы соқпайды. Осы кезде мойын, жақ асты, қолтық, шап бездері қабынып, үлкейеді. Оның үлкендігі тауықтың жұмыртқасындай болуы да мүмкін. Қоздырғыштың теріден енген жеріндегі жара ісініп, жақын жердегі бездер үлкейеді, ал ауыз қуысы арқылы өтсе, тамақ бездері қабынып, іш ауыры, қарын тұсы ауыруы мүмкін. Тыныс жолдарына түскен қоздырғыш тұмауға, өкпе қабынуына ұқсап құрғақ жетел пайда болып, кеуде тұсы ауыра бастайды. Емделмесе, бұл ауру ұзаққа созылуы мүмкін. Дегенмен толық жазылып

кенелерді құрту жұмысы көктемде және күзде, мағға жабылатын кезде кенеге қарсы пайдаланатын ұлы заттар арқылы жүргізіледі.

- Далалық жұмыстар кезінде көйлектің, шалбардың жең-балақтарын байлап қайта-қайта тексеріп тұрған жөн.

- Су алу арнасын тазалап, құдықтар ауызы шегендепін, жабылып, тазалау күйіне түріп қажет.

- Кеміргіштер өлігін көрсеніз ол жөнінде дәрігерлік қызметке СЗБ мамандарына хабардар етіңіз. Өлген кеміргішті қолпаңпен, не қысқашпен ұстап, жерге көміңіз болмаса өртеп жіберген жөн.

- Терісін алынған аңның денесін хлорлы известпен запарлыздандырып көмілуі керек.

Табиғи ошағы бар жерлерде туляремия ауруын жұқтыруы алу қаупіне байланысты осы аумақтарда тұратын адамдардың қарсы егілумен қатар терісіндеген алдын-алу шараларын да жүргізіп отыруы қажет.

Д.ТАНКИЕВ,
Ойыл обаға қарсы күрес
бөлімшесінің дәрігер-бактериологы,
Г.Рахимова, Г. Донсиозова,
І-санатты зертханашылар.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 1767 дана. Тапсырыс №318
Көлемі 1 баспа табақ, индексі 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің
баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ө. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400
телефонына хабарласуға болады.

МУЗЕЙДЕГІ АПТАЛЫҚ ҰЛЫҚ МЕРЕКЕГЕ АРНАЛДЫ

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі 15-20 наурыз күндері аралығында «Наурыз – ұлттың ұлық мерекесі» атты тарихи-танымдық апталығын ұйымдастырды. 15 наурыз күні музей фойесінде апталық салтанатты түрде ашылып, «Наурыз көже – ұлтымыздың ұлттық тағамы» тақырыбында «Nur Otan» партиясы Ойыл аудандық филиалы, аудандық архив мекемесімен және аудандық жастар ресурстық орталығы, өділет басқармасының қызметкерлеріне наурыз көжеден дәм татқыза отырып, наурыз көженің жасалуы мен шығу тарихын баяндалса, қонақтар жаңа жылға тілектерін жеткізіп, бата берді

Апталықтың екінші шарасы «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында «Ерлігі ел аузында аңыз болып қалған Сапура Мөтенқызы» атты тарихи-танымдық кездесуі аудан тарихшылары мен өклетанушылар клубының мүшелері арасында өткізілді. Шара алдында Сапура Мөтенқызына арналған бейнебаян көрсетілсе, аудандық білім бөлімінің өдіскері, тарихшы Доскей Нұрғазин бастаған тарихшылар тарихи деректерге сүйене отырып баяндамаларын жасады. Сапура Мөтенқызына арналған «Елінің азаттығы үшін күрескен – Сапура Мөтенқызы» атты тақырыптық көрмесі таныстырылды. Тарихшылар алдағы уақытта аты аңызға айналған Сапура Мөтенқызы туралы мектепте де насихатталса деген ой-пікірлерін ортаға сала білді. Ал, сол күні өткен «Қазақ халқының ағаш ыдыстары» туралы танымдық шараға Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимна-



зияның 8 сынып оқушылары қатысты. Шара барысында қазақ халқының, соның ішінде ағаш шеберлері ағаштардың қолдану кезіндегі қасиеттерін терең меңгергенін жан-жақты нақты тарихи деректермен жеткізіле отырып музей қорындағы жинақталған ағаш ыдыстардан жасақталған көрме таныстырылды. Ағаш ыдыстар туралы сұрақ-жауап ойыны ойнатылып, оқушылар арасында көп жауап берген ойыншыға сый – сияпат ұсынылды.

17 наурыз күні – Инноватор - көшпенділер: ер адамдар киімі» атты шара Ойыл аграрлық колледжінің 1-курс студенттері арасында ұйымдастырылды. Онда қазақ халқының ұлттық ер адамдарының киімдеріне арналған бейнероликтері көрсетіліп, ер адамдар жылдың төрт мезгілінде киетін киімдерінен жасақталған көрме таныстырылды. Көшпенді қазақтар өлем халқына өз ұлтының ұлттық киімдерін көрсете отырып, үлгі болғандығы туралы нақты деректер баян-

далды. 18 наурыз күні - «Қазақ дүниетанымындағы наным-сенімдердің қолданылуы» тақырыбында шара музей, архив қызметкерлері арасында ұйымдастырылып кездесуде қазақ халқының наным – сенімдеріне арналған бейнебаяндар көрсетіліп, қазіргі таңдағы қолданылуы туралы айтылды.

19 наурыз күні - «Қазақ халқының саятшылық өнері» және атадан балаға жеткен мұра құсбелілік туралы бейнебаяндар көрсетілді.

Апталықтың соңғы күні музейдің этнография залында «Қазақ халқының ұлттық киімдері» көрсетілді. Музей қорында жинақталған 1936 жылғы шапан, XX ғасыр қыз кимешегі сынды құнды ұлттық киімдерден көрме жасақталды. Апталық негізінен дәстүрлі форматта өтті. Алайда, өлеуметтік желі арқылы тікелей эфирде тамашаларға музей жана-шырлары да аз болған жоқ.

АРХЕОЛОГИЯҒА ҚҰМАР ЖАСТАР КӨП

Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тарихы музейі КММ-и мен Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясы біріккен түрде, меморандумға сәйкес 2016 жылдың желтоқсан айынан бастап «Жас

үйренді және археолог ғалымдардан ғылыми-өдістемелік көмек алып, білімдерін шыңдай білді.

2018-2019 оқу жылдары арасында оқушыларымыз «Зерде» ғылыми-тәжірбиелік конкурсына қатысып



археолог» үйірмесі құрылып, өз жұмысын атқарып келеді. Үйірме - оқушылардың білімін жетілдіруді, азаматтық-патриоттыққа, еліміздің өткен тарихын, мәдени құндылықтарын сақтай білуді және құрметтеуді үйретеді. Ойыл ауданының жас археологтары археология, туризм және өклеттану саласы бойынша теориялық білімдерін жетілдіре отырып, практикалық сабақ барысында ескерткіштерді табуды, сипаттауды және ғылыми бағытта қорғауды үйренуде.

Археология ерекше ғылым саласы, іздеу, ашу және олжаны табу өсіресе балаларға қызықты. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың ұсынысы бойынша әзірленген «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты мемлекеттік бағдарламалардың арқасында, Қазақстанда өткен тарихты зерделеу және сақтау мақсатында кең ауқымды археологиялық жұмыстар басталды. Осы ауқымды жұмыстар арқылы еске-лең ұрпаққа өткен тарихты және археологияны таныстырып, насихаттау, патриоттық тәрбие беру мектеп қабырғасынан басталады.

«Ерлік пен бірлік жеңіске жеткізеді» деген қазақтың мақал сөзінде айтылғандай, бұл үйірменің берері көп және жеткен жетістіктері де аз емес. «Жас археолог» үйірмесінің оқушылары алған білімдерін шыңдау мақсатында алғашқы қадамын өлке тарихын зерттеуден бастап, аудан деңгейінде өткен «Зерде» жобалық жарысқа қатысып, III дәрежелі дипломаға ие болды. Үйірменің дарынды оқушылары Саят Шахенов пен Ерасыл Оразбаев Кіші ғылыми академиясының Ақтабе филиалы ұйымдастырған облыстық ғылыми-тәжірбиелік конференциясына қатысып I дәрежелі дипломмен марапатталды. Сонымен қатар, Ақтау қаласындағы III Республикалық ғылыми-тәжірбиелік конференциясына қатысуға мүмкіндік туды. Бұл мүмкіндікті жібермеген жас археологтарымыз осы конференцияда үздіктер қатарынан көрініп, 1 орынды иемденді. Міне бұл мұғалім мен оқытқыштардың табанды еңбектерінің арқасында жеткен жетістігі болды. 2017-2018 жылдары «Золотое руно» Халықаралық конкурсының қорытындысы шығып, нәтижесінде Ерасыл Оразбаев II орынға ие болса, Саят Шахенов I орынға ие болып, жеңімпаз атанды.

Тарихи құндылықтарымызды меңгеріп, оқушыларымыз Ақтабе облыстық тарихи-өлкетану музейі Ойыл ауданы, Қоңырат елді мекені маңында ұйымдастырған археологиялық қазба жұмыстарына қатынасу үшін жолдама алды. Қазба жұмыстары барысында қорғанды тануды, сипаттауды, өдістемелік қазуды тәжірибе арқылы

Бақтияр Нұрлыбаев пен Ерасыл Оразбаев 1-ші орынды жеңіп алды. Ғылыми бағыттағы шараларға қатысу бұнымен бітпей Шымкент қаласында өткен Республикалық конференциясында бақтарын сынады. «Жас ғалым» номинациясымен Нұрсұлтан Мырзабаев, Саят Шахенов пен Ерасыл Оразбаев марапатталса, аталған конференцияда жас зерттеушіміз Алёна Голикова жеңіске жетіп, биіктен көрінді.

2019-2020 оқу жылдарында оқушылардың жобаларға қатысу жағынан ұмтылыстары еш бәсеңдемеді. Жас археологтарымыз Нұр-Сұлтан қаласында өткен семинарға қатысты. Семинарға қатыспас бұрын 2018 жылы үйірме оқушылары облыстық «Дарын» ғылыми-тәжірбиелік конференциясынан Ойыл тарихына қатысты маңызды деректерді жеткізгені үшін дәрежелі 1-ші орын дипломымен марапатталған болатын. Осыған орай, білімділік, зерттеуге деген құштарлық қасиеттерін арттыру мақсатында 2019 жылдың қыркүйек айында Нұр-Сұлтан қаласындағы семинарға Саят Шахенов пен Ерасыл Оразбаев жолдама алды. Оқушыларымыз өткен семинардан мол тәжірибе жинақтап, қабілеттерін жетілдіру жолында үлкен шабытпен оралды.

«Жастар жылына» орай дарынды, көшбасшы және белсенді жастардың жетістіктерін қалың жұртшылыққа жеткізу мақсатында «Көкжардың бүгінгі көруенің» көшбасшылары» атты жинақ кітап шығарды және тамыз айларында жарыққа шыққан болатын. Жинақ кітапқа енген көшбасшылардың қатарынан жас археологтармыз да өздерінің ізденімпаз, білімділікке ұмтылу қасиеттерімен ерекшеленіп, көріне білді.

«Шын батыр сын үстінде танылар» демекші, 2019-2020 жылдары оқушыларымыздың жобаларға қатысу жағынан ұмтылыстары еш төмендемеді. Ақтабе облысының білім басқармасы «Ақтабе-Дарын» өңірлік ғылыми-тәжірбиелік қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен 2019 жылдың 27-қыркүйегінде «Менің кіші Отаным» атты оқушылары арасында интеллектуалдық конкурсының аудандық кезеңі өтіп, жас археологтармыз Саят Шахенов, Нұрсұлтан Мырзабаев қатынасып «Менің кішкентай Отанымның тарихы» номинациясы бойынша жүлделі I орынды жеңіп алып, облыстық кезеңге жолдама алды.

Ойылда өтіп жатқан далалық қазба жұмыстары кезінде 2020 жылдың «Шөптікөл» жерінде ғұндар уақыттарына жататын қорғандар ашылды. Археологиялық қазба жұмыстар Ойыл және еліміздің тарихын тереңдете

білуге көп септігін тигізді. Аталған жұмыстарға Ойыл музейі жанынан құрылған «Жас археолог» үйірмесі мен Ойыл жастары да атсалысып, белсене қатысты.

2021 жылдың қаңтар айында «Жас археолог» үйірмесіне жаңа құрам жинақталды. Жаңа құрам Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназиясының 5 «А» және «Б» оқушыларынан құралды. Жалпы оқушылар саны 20-ға жуық болды. «Жас археолог» үйірмесінің жаңа құрамы сабақ барысын туған өлкедегі ескерткіштерді танудан бастады. Туған өлкені тану мақсатында аудан орталығында орналасқан XIX-XX ғасырлық ғимараттар мен ескерткіштерді аралап, 100 жылдық тарихы бар поштаның, дүкендер мен көпес үйінің, азамат соғысы жылдарында қойылған бауырластар зираты мен көне аурухананың, мешіт пен сауда қатарларының ғимараттарын көзбен көріп, тарихымен танысты.

«Жүк ауырын, ер көтереді» демекші, жаңа құрамдағы оқушыларымыздың бастама жетістіктері де аз емес. «Шежірелі өлкемнің тарландары» тақырыбындағы облыстық мақала жазу байқауында жас зерттеуші Жасұлан Мұхамбетқалиев 180 оқушы арасынан оза шауып, алдыңғы қатарлы жүлделі 2-орынды иемденді.

Оқушыларымыз «Ғылым, білім және технология»-атты V Халықаралық ғылыми-тәжірбиелік конференциясына қатысып, Ойыл ауданының тарихи-мәдени мұрасы тақырыптарында қамтылған жобалары үздік атанды. Жоғары дәрежелі жеңімпаздарды дайындағаны үшін жетекшісі де мақтауға ие болды.

Оқушыларымыз халықаралық, республикалық, облыстық және аудандық байқаулар мен конференцияларға қатыса жүріп, өз білімдерін тәжірибе барысында қолданды және жеңімпаз атанды. Бұнымен тоқтамаған үйірме оқушылары білімі мен тәжірбиесін арттыру үшін семинарға барды және белсенді жастар қатарынан көрінетін жинақ кітапқа да шықты.

Оқушыларымыз теориялық білімдерін тәжірибе барысында қолдану үшін төрт кезеңді (2017-2020 жылдар аралығы) археологиялық қазба жұмыстарына да (Қоңырат, Құмсай, Шөптікөл, Қаздыарал) қатыса алды. Нәтижесінде археология саласына одан ер жақындай түсті.

Оқушыларымыз туған өлкесі Ойыл тарихын зерттей отырып көптеген жетістіктерге жеткен болатын. Соның ішінде Ойылдың жаңа тарихы ашылды, алғашқы қорғандық жерлеу болып саналатын қола дәуірілік Құмсай қорымының тың деректері көрсетілді, құмды жерде жасанды қалыптасқан орман алқабын республика бойынша да қалыптастыруға болатындығы жөнінде ғылыми ұсыныстарын жасады. Ойыл ауданының тарихи-мәдени мұрасы бай екендігін көрсетіп, ежелгі мұра орта ғасыр кезеңіне дейін тұрақтаған адамдардың ескерткіші «Қаздыарал» тұрағын зерттеуіне қадамдар жасады. Барлық зерттеулер арнайы мамандардан кеңес және методикалық көмек алу арқылы жүзеге асты.

Аталарымызда «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген ұлағатты мұрасының маңызын түсіндіре отырып, оқушыларға туған жерден, Отаннан асқан ыстық киелі жерлер жоқ екенін сезіндіру арқылы қазақи тәрбиеге негізделген отансүйгіш тулғаны қалыптастыру міндетіміз деп білеміз. Сол себепті, үйірме жұмысын отансүйгіш қасиетке толы, тәрбие және біліммен шындалған оқушыларға арнадық.

Медет ҚҰЛМҰҚАНОВ, «Жас археолог» үйірмесінің жетекшісі.

COVID-19-ке ҚАРСЫ ВАКЦИНАЦИЯ

Вакциналар тиімділігі



Спутник V
92%



QazCovid-in
96%




Вакцинация жүргізер алдында:

- дене температурасын өлшенеді
- эпидемиологиялық анамнез жиналады
- жұтқыншақ тексеріледі
- сатурация, жүрек жиырылуының жиілігі, артериялық қысым өлшенеді
- тыныс алу және жүрек-қан тамыр жүйелеріне аускультация жасалады

Егер температура 37°C-тан жоғары болса, вакцинация кейінге қалдырылады

"Спутник V" вакцинасын енгізуге қарсы көрсеткіштер:

- вакцинация кез-келген компонентіне жоғары сезімталдық
- ауыр аллергиялық реакциялар
- жүктілік және емізу кезеңі
- 18-ге дейінгі және 65-ден жоғары жас
- вакцинация алғашқы дозасынан кейінгі аллергиялық реакциялар





Вакцина келесі жағдайларда сақтықпен қолданылуы керек:

- бауыр мен бүйректің созылмалы аурулары
- қант диабеті
- қантүзілім жүйесінің ауыр аурулары
- эпилепсия, инсульт және орталық жүйке жүйесінің басқа аурулары
- жүрек-қан тамырлары жүйесі аурулары
- біріншілік және екіншілік имундық тапшылығы
- аутоиммунды аурулар
- өкпе аурулары, астма және созылмалы обструктивті өкпе ауруы
- атопиясы және экземасы бар науқастарда
- қатерлі ісік

Вакцинация туралы жалған ақпарат таратқаны үшін - қылмыстық жауапкершілік (3000 АЕК-тен 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру)

«Ағымдағы эпидемиологиялық жағдай және COVID-19 вакцинациясына дайындық туралы» брифингінен, 27.01.2021

АҒЫЗҒА АЙНАЛҒАН АҚИЫҚ АҚЫН

ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІНДЕ ӨЗ ОҰЙЫН КӨРКЕМДІКПЕН, АСҚАН ШЕБЕРЛІКПЕН ЖЕТКІЗЕ БІЛУ ЕКІНІІ БІРІНІІ ҚОЛЫНАН КЕЛЕ БЕРМЕҮДІ. БҮЛ ТЕК ШАБЫТЫ ӨТЕ ЖОҒАРЫ. ӨЛЕҢ ШЫҒАРУ ДАРЫНЫ БАР ҮЛКЕН ТАЛАТ УЕСІНІІ ҚОЛЫНАН ҒАНА КЕЛЕДІ. СОНДАЙ ТАЛАНТТАРЫҒЫ БІРІ. ПОЭЗИЯ ӘЛЕМІНІІ АСҚАР ШЫҒЫ – МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ. МҰҚАҒАЛИ – ӨМІРІНІІ СОҢЫНА ДЕҮІН ҚОЛЫНАН ЖҮЙРІК ҚАЛАМЫ ТҮСПЕГЕН. ҚАЗАҚТЫҢ ҚАРА ӨЛЕНІНІІ ҚҰДІРЕТІНЕ, ТЕРЕҢ ШЫРЫНА ҚАНЫҚҚАН АҚЫН. СӨЗ ҚҰДІРЕТІНІІ МӘН – МАҒЫНАСЫН ТЕРЕҢ ТҮСІНІП, СӨЗ МАРЖАНЫН БЕЙНЕЛІ ӨРНЕКПЕН КЕСТЕЛЕТІН МҰҚАҒАЛИДАҒЫ АҚЫН КЕМДЕ – КЕМ.

«Қарасаздан ұшқан қарлығаш» деген өлеңінде: «Мен өзім жайында мынаны айтам: мен ХХІ ғасыр ұрпақтарының құрда-сымын. Бәлкім, одан өрідегі ұрпақтардың туысымын да...» деп жазған екен. Мұқағали қазақ халқының сүйіспеншілігіне бөленген ұлы перзенті. Иә, шынайы поэзия өкілі, ғажайып ақын-дардың бірі Мұқағали Мақатаев қазіргі Алматы облысы, Райымбек ауданындағы Қарасаз деген жерде 1931 жылы 9 ақпанда дүниеге келді. Қарасаздың сұлулығы Мұқағалидың ақындық талантының қайнар көзі болды. Ол кішкентай бала кезінен бастап қаншама қиыншылық көрсе де, мойымай өлең – жырға өуес болған. Алғашқы өлеңдерінен – он бір жасынан бастап жаса бастаған Мұқағали атамыз көптеген тақырыптарға қалам сермеген ақыық ақындардың біріне айналды. Ақынның ғұмырлы поэзиясы бүгінгі таңда барша жұрттың жүрегінен берік орын алып, қуанышы мен қайғысын бөлісетін айнымас жан серігіне айналды. Мұқағалидың өлеңдері шын шабыттан, қиын күйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған. Ақын ұлы сезімге бас иіп, өз өлеңдерінде махаббат тақырыбын кеңінен суреттеген. Мұқағали атамыз өр өлеңі өзінің мағынасымен, шынайылығымен, тазалығымен оқырманын өзіне баурап алады және ой салады.

Ақын тұрмыс тағамымен тарта жүріп, сынга ұшырағанда да «Ақынның ақындығы атақта емес, арда ғана» деген байламды берік ұстап, шен – шекпенге де, лауазым – атаққа да қызықпаған. Мақатаев поэзиясы жұмыр жердің барлық мәселесіне араласқан, кең, ауқымды тақырыпты қамтиды. Оның туған жер, адамдар тағдыры, өмір мен өлім, ана мен бала,

өлкедайда басым қанаша көзқарас қалыптасты, ақын мұраларын танудың жаңа бір кезеңі басталды. Ақын шығармаларына өзі дүниеден өткеннен кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы берілді. «Ғасыр ақыны» атанған Мұқағалидың барлық еңбегі тұтастай алғанда, өткен ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елінің рухани дүниесін, тұрмыс – күйін, арман – мүддесін, тарихи тұрғыдағы ұлттық портретін шыңылдықпен суреттеген асыл мұралар қатарына жатады. Өлеңмен де, өмірмен де бүкпесіз қауышып, қалтарыссыз сүйген ақын жүрегі соңғы деміне дейін кіршіксіз сезім өртіне өтті. Мұқағали Мақатаев – қазақтың қарапайым тілінің нөрі мен мәнін Абай, Қасымдардан кейін түсініп жазып, түсіндіріп өткен ақын. «Сөз өнерін дертпен тең» көрген парасатты қаламгер. Ақынның өр өлеңінде, өр шумағында бүкпесіз, аққарқын көңілмен сазды сыр төгіп отырғандай. Өлеңнің ырағынан да, тербелісінен де ақынның қимылын, дауысын, мөнерін естіп, мінез – құлқын танымыз. Өйткені, ол өлеңнен, өнерден сыр іріккен емес. Өлеңге өз жан дүниесін ашты, өлеңнің сырлы құпияларын жария етті.

Қорыта айтқанда, Мұқағали Мақатаев шығармашылығынан қазақтың нағыз ұлттық поэзиясын көреміз. Оның жырларындағы қазақтың жері мен суы, тауы мен даласы көрініс тапқандығы өз алдына, өзгеше пайымды ерекшелігі, өзіндік өрнек сапар тілі, шалқыған шабыты сөзге шебер халықтың ұрпағы екенін аңғартады. Мұқағали Мақатаев өлеңдерінің өзегінен ақиқат өмір шындығын көреміз, көркемдік өрнегі өзгеше өрілген сөз өнерінің үлгісін танымыз. Ол халықтың сипаттағы көркем бейнесін, сол арқылы адам болмысын, оның жан дүниесін, сезімін, яғни, адам өмірінің асыл шындығын ерекше тебіреніспен толғады. Мақатаев атты дарын, алып ақындық талантымен қаншама жылдар өтсе де, өлмес өлеңдерімен өрлей бермек. Оның өлшем мұралары ұзақ өмір сүріп, жастардың жүрегіне жарқырап жетіп, жалын құйып, өзінің жылуы мен жарығын дарытуда. Әрбір оқыған, іздеген сайын ақынның жаңа сырлары аңғарылып, тың толқындары тулап, сырлы саздарын төгуде. Тарихтағы ұлт ұлы ақыны ғана шығатын шұғылашы биікке көтерілген өрбір ірі ақындар сияқты Мұқағали да қазақ поэзиясын жаңа кеңістікке көтеріп қондырды да, өзі соның мәңгілік тұрғыны болып қалды. Ол өрбір мезгілмен бір кетіп көтеріп, өр ұрпақтан бірге жасайтын ақындардың таңдаулы тобына жатса керек. Ақын өрбір көпшікерін өзінің сезім елегінен өткізіп, сол күйде өзі тұрғандай етіп шебер бейнелейді. Сол себепті де, Мұқағали Мақатаевтың ерен есімі мен мол ғибрат, таусылмас тәлім – тәрбие аларлық туындылары қазақ халқымен бірге жасай бермек.

Гүлзия АБДРАХМАНОВА, Екпелат мектеп – балабақшасының қазіргі тіл мен әдебиеті пәнінің мұғалімі.